

**М. Холиқова, Ш. Эргашева**

# **ӘДЕПНАМА**

**Жалпы орта білім беретін мектептердің  
3-сыныбы үшін оқулық**

Түзетілген және толықтырылған төртінші басылымы

Өзбекстан Республикасы  
Халыққа білім беру министрлігі  
баспаға ұсынған

ТАШКЕНТ  
«YANGIYUL POLIGRAPH SERVICE»  
2019

УО'К: 17(075.2)  
КБК 74.200.51  
X 69

**Холиқова Мохира.**

Әдепнама: жалпы орта білім беретін мектептердің 3-сыныбы үшін оқулық / М. Холиқова, Ш. Эргашева. – Түзетілген және толықтырылған төртінші басылымы – Ташкент: Yangiyul Poligraph Service, 2019. – 96 б.

ISBN 978-9943-5711-7-4

УО'К: 17(075.2)  
КБК 74.200.51

**Пікір жазғандар:**

- A. Хасанов — тарих пәндері ғылымдарының кандидаты, доцент  
A. Норбаев — Низами атындағы ТМПУ-дің аға оқытушысы  
Д. Вохидов — A. Авлони атындағы ХБББҚҚДБЖ институты аға оқытушысы  
С. Шарипова — Шайхонтахур ауданына қарасты 324- мектептің бастауыш сынып оқытушысы

**Шартты белгілер:**



Өзбекстан Респуб-  
— ликасы Конституция-  
сының баптары



— Нақылдар мен  
хадистер



«Жоғары руханият —  
— жеңілмес күш»  
шығармасынан



— Сұрақтар мен тап-  
сырмалар



Мәтіндегі күрделі  
— сөздердің  
түсіндірме сөздігі



Ақылды өсіретін  
— көңілді тапсырма-  
лар



— Есіңде сақта



— Үй жұмысы

**Республикалық мақсатты кітап қорының қаржылары есебінен басылды.**

ISBN 978-9943-5711-7-4

© «Yangiyul Poligraph Service», 2019.  
© М. Холиқова, Ш. Эргашева, 2019.




Қўрметті оқушы! Қолыңдағы кітап Сенің «Әдепнама» пәнінен 1–2-сыныптарда алған біліміңді одан әрі кеңейтіруге, пысықтауға қызмет етеді.

Сен 3-сыныпта әдепті бала қандай қасиеттерге ие болатыны, қоғамда өзін қалай ұстайтыны, жанұясына, Отанына қандай пайда тигізетіні туралы көп нәрселерді біліп аласың.

Білім иелеу үшін көп оқып, үйрену қажет. Сенде білім алуға уақыт та мүмкіндік те жетерлі. Сен уақытты босқа өткізбейсің, мүмкіндіктерден тиімді пайдаланасың деп ойлаймыз.



## I БӨЛІМ. ОТАН – ҚАСИЕТТІ



## ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ – ТӘУЕЛСІЗ МЕМЛЕКЕТ

Тәуелсіздік – ең ұлы жеміс. Тәуелсіз мемлекеттің халқы еркін және азат болады. Тарихта ешбір халық өз тәуелсіздігіне оңайлықпен қол жеткізбеді. Ата-бабаларымыз да ғасырлар бойы тәуелсіздік үшін күрескен. Широқ, Томарис, Жалолиддин Мангуберді, Әмір Темір сынды ұлы бабаларымыз өмірі бұған мысал бола алады.

1991 жыл 31 августта мемлекет тәуелсіздігі жарияланды. 1 сентябрь Тәуелсіздік күні сипатында тойланады. Сол күннен бастап еліміз даму жолына шықты.

Ислам Каримов Өзбекстанның Бірінші Президенті. Ол халқымызды тәуелсіз даму жолына алып шықты.

Тәуелсіз мемлекет басқа бір мемлекетке тәуелді болмайды. Тәуелсіз саясат жүргізеді, байлықтарға өзі иелік етеді.

Қазіргі тыныш өміріміз, еліміздегі даму тәуелсіздіктің жемісі. Соның үшін оны қадірлеуіміз, жақсы оқып, әдеп-ақылағымызбен Отанымыз дамуына үлес қосуымыз керек.

## ЎЗБЕКСТАН

Ағарып атқан ақ таңы,  
Ақ алтынды – мақталы,  
Қақтаған күн аптабы,  
Ғажап өлкем,  
Азат өлкем – Өзбекстан! Өзбекстан!  
Байлық толы кең далаң,  
Гүлге оранған Ферғанаң.  
Сұлу, көркем айналаң  
Жыр-әні сол,  
Шуағың мол,  
Өзбекстан! Өзбекстан!  
Ташкент қала арайлы  
Күнге күле қарайды.  
Мәңгі көктем мекені,  
Ертегі өлкем,  
Көркем өлкем –  
Өзбекстан! Өзбекстан!  
Самарқант бай бағымен,  
Сәулетімен, сәнімен.  
Байлығыңды тасытқан  
Ұл-қызың мол,  
Жұлдызың мол,  
Өзбекстан! Өзбекстан!

**Полат Момын**



Тәуелсіздік жылдарында жас ұрпақтың кемел адамдар болып ұлғаюы үшін барлық жағдайлар жаратылды. Жарық та әсем оқу бөлмелері, спорт ғимараттары, шығармашылық орталықтары құрылды. Жастар осы мүмкіндіктерді пайдаланып, өз қабілеттерін жарыққа шығара алады.

Қазіргі күнде өзбекстандық жастар кез келген салада үлкен табысқа жетіп, әлемге танылуда.

Әрбір адам өз Отанына қызмет етуі, оның гүлденуіне үлес қосуы қажет.



1. Тәуелсіздік дегенде нені түсінесің?
2. Отан дамуына қандай үлес қосудым керек, деп ойласың?
3. Сеніңше, қандай адамдардың Отанға көбірек пайдасы тиеді?
4. Отан, азаттық тақырыбындағы қандай кинофильмдерді көргенсің?
5. Ата-анаңмен Отыным тарихы, ұлы ата-бабаларымыз жөнінде сұхбаттас.

## ТӘУЕЛСІЗДІК БЕРГЕН МҮМКІНДІКТЕР



Жастар шығармашылық сарайы – 2008 жылда «Жастар жылында» құрылған құнды сәулеткерлік кешен. Бұл жерде үш көрмелер залы, мәдени – рухани шараларды өткізу үшін үлкен зал, сондай-ақ өнердің түрлі бағыттарымен шұғылдану үшін шығармашылық шеберханалар орналасқан.

Жастар мұндай сарайларда өздері қызыққан өнер түрлерін үйренуі мүмкін.

### АҒАЛЫ-ІНІЛІ СИНДОРОВТАР – ӘЛЕМ ЧЕМПИОНДАРЫ

Шахмат ақылды шарықтайды. Ой-сананы өсіріп, дұрыс шешім қабылдауға үйретеді. Адамның өсіп кемелденуінде бұл спорт түрінің орны үлкен.



Өзбекстандық ағалы-інілі шахматшылар Жавохир мен Исламбек Синдоровтар халықаралық жарыстарда жеңімпаз атанып, еліміздің даңқын әлемге танытты. Олар әлемнің ең күшті спортшы жастарын жеңіліске ұшыратты. Жавохир мен Исламбек өзбек жастары әрбір салада озат екенін тағы да дәлелдеді.

Белсенділік әрбір адамда бар. Оны жүзеге шығару үшін тынымсыз еңбек, құнт пен сабыр талап етіледі. Анық мақсат қойып, оған қарай шапшаң ұмтылған кісі әлбетте мақсатына жетеді.



### Кім неше жаста гроссмейстер болған?

1. Сергей Карякин, Ресей – 12 жаста;
2. Жавохир Синдоров, Өзбекстан – 12 жаста;
3. Р.Прагнанандха, Үндістан – 12 жаста;
4. Магнус Карлсен, Нарвегия – 13 жаста.



Шахмат бойынша әлем чемпионы, жас халықаралық гроссмейстер Нодирбек Абдусаттаров Президент тарапынан арнаулы сыйлықпен марапатталды. Нодирбек сияқты жастар Отанымызды әлемге танытуда. Олар сияқты жетістіктерге жетуге әрекет етіңдер.



**Гроссмейстер** – шахмат спорт түріндегі ең жоғары дәреже, атақ.



1. Ағалы-інілі Синдоровтардың үлкен жетістіктерге қол жеткізуінің себебі неде?
2. Сенің де жетістіктерің бар ма? Құрбыларыңда ше?
3. Адам сәтілліке қол жеткізуі үшін нелер істеуі керек деп ойлайсың?

## КЕЛЕШЕК ЖӨНІНДЕ СҰХБАТ

Тәрбие сағатында мұғалім сұрақ берді:

– Оқушылар, келешекте кім болмақшысың? Бұған қазірден қандай дайындық көріп жатырсың?

– Мен конструктор болып, адамдардың еңбегін жеңілдететін роботтар жаратпақшымын, – деді Акбар. – Соның үшін жас техниктер үйірмесіне қатысудамын.

– Мен дизайнер болмақшымын, – деді Зи-лола.

– Жастар шығармашылық сарайында әдемі көйлектер тігуді үйреніп жатырмын.

– Мен Мутал Бұрхановтай композитор болмақшымын. Келешекте отанымызды шырқайтын күй жаратамын, – деді Диербек. – Сабақтан соң музыка мектебінде жаттығамын.

– Мен көркем гимнастикамен шұғылданып жатырмын. Жақында Самарқант қаласында болып өткен жарыстарда қатынасып, жеңімпаз болдым, – деді Мохира.


– Мен кәсіпкер болмақшымын – деді Бекзад. – Өзім істеп шығарған өнімдерді әлемге алып шығамын. Мұның үшін көп тілдерді білуім керек. Қазір орыс және ағылшын тілдерді үйренудемін.

Оқушылардың жауабынан мұғалім қанағаттанып былай деді:

– Жарайсыңдар, қазірден осындай мақсаттармен әрекеттенсеңдер, әлбетте армандарың жүзеге асады.



Дүниедегі ең жас дирижерлерден бірі – Асадбек Аюбжанов.



Өзбекстандық жас гимнастикашылар 2018 жылы Азия чемпионатынан 14 медальмен қайтты.



1. Сен жасайтын аймақта жастар үшін қандай мүмкіндіктер жаратылған?
2. Сен де берілген мүмкіндіктерден пайдаланып жатырсың ба?
3. Өзің білген адамдардан кімге әуестенесің? Не үшін? Ол қалай жетістіктерге жетті, деп ойлайсың

## МЕМЛЕКЕТ РӘМІЗДЕРІ – ҰЛТТЫҚ МАҚТАНЫШЫМЫЗ

Өзбекстан Республикасының Мемлекеттік жалауы 1991 жылғы 18 ноябрьде қабылданған.

1992 жылғы 2 июльде қабылданған республикамыз елтаңбасында аңыздық Жалын құсы бейнеленген. Сондай-ақ, онда мақта, бидай, күн, таулар, алқап пен өзендер бейнесі де бар. Жалау және елтаңбадағы әрбір рең мен бейнелер өз рәмізіне, мағынасына ие.

Өзбекстан Республикасының әнұраны 1992 жылғы 10 декабрьде қабылданған. Отанымыз әнұраны шырқалғанда жүрегімізде мақтаныш пен қуаныш сезімі оянады. Оң қолымызды көкірегімізге қойып елімізге деген мейірімді көреміз.



1. Мемлекетіміз жалауын қай жерде көргенсің?
2. Жалауымыздың желбіреп тұруы сенде қандай сезімдерді оятады?
3. Мемлекетіміз әнұранын жатқа айтып бере аласың ба?

## ЖАЛАУЫМЫЗ – МАҚТАНЫШЫМЫЗ

Жалолиддин тәуелсіздік мерекесі қарсаңында ата-анасымен астанаға келеді. «Халықтар достығы» алаңы алдынан өткенде оның көзі үлкен жалауға түседі.

– Қараңызшы, мемлекетіміз жалауы қандай әдемі! – деді қауанып.

– Иә, ұлым, жалау ел азаттығы мен тыныштығының рәмізі. Ұзындығы 65 метрлік бұл жалаудың желбіреп тұруы жүрегімізде қуаныш оятады.

– Әке, неге жеңімпаз спортшылар жарыстарда өз елінің жалауын жоғары көтереді?

– Өйткені жалау ежелден жеңіс пен азаттық белгісі болған. Спортшылар жалау арқылы өз елінің перзенті екенінен мақтаныш сезімін си-



паттайды. Сонымен бірге жеңімпаздар құрметіне еліміз әнұраны шырқалады.

– Мен де үлкен болсам, әлбетте еліміз жалауын жоғарыға көтеремін, – деді Жалолиддин.



Еліміздің жалауы, елтаңбасы, әнұранына құрметсіздік жасау заңдарда жауапты екендігі айтылған. Мемлекет рәміздерін құрметтеу борышымыз.



**Сәйкес келетін жауаптарды қойып, тапсырманы дәптеріңе жаз.**

\_\_\_\_\_ Өзбекстан тәуелсіздігі жарияланды. Мемлекеттік жалау \_\_\_\_\_ да қабылданды.

1992 жылғы 8 декабрь \_\_\_\_\_ қабылданған күн.

\_\_\_\_\_ Өзбекстанның Бірінші Президенті. Өзбекстан әнұранының авторы \_\_\_\_\_.



1. Мемлекет рәміздері туралы мәлімет бер.
2. Мемлекетіміз елтаңбасындағы Жалын құсы ненің рәмізі? Бидай, мақта және күн?
3. Мемлекет рәміздеріне қандай қатынаста болу керек?

## ТАРИХИ ЖӘДИГЕРЛІКТЕР – МӘДЕНИ БАЙЛЫҒЫМЫЗ

Елімізде көне орындар өте көп. Олар біздің бай тарихымыздан, ата-бабаларымыздың жоғары білім ой-санасынан дерек береді.



Самарқант қаласындағы Регистан алаңы үнемі саяхатшыларға лық толы. Өйткені осы алаңда үш көрікті жәдігерлік: Шердар, Тиллақори және Ұлықбек медреселері орналасқан. Ишан қала Хиуадағы қалың қабырғалармен қоршалған құнды жәдігерлік. Бір кездері сол қабырғалар қала халқын сыртқы жаулардан қорғаған.





Ишан қала 1997 жылы Хиуа қаласының 2500 жылдығына орай жәдігерлік қайта жөнделді.

Минораи Калон – үлкен мұнара дегені. Осы жәдігерлік 1127 жылы құрылған. Бұхараға барған адам сол ғимаратты көрмей кетпейді.

Имам Бұхари кешені Самарқанд қаласы маңындағы Хартанг ауылында орналасқан.





Ата-бабаларымыз ұлы ойшыл ғұламаның қабірін зиярат орнына айналдырған.

Шахрисабз қаласындағы Ақсарайдың оқ сияқты күмбезінің аралығы 22 метрден артық болып, темурилер құрған ғимараттар арасындағы ең көріктісі. Сарай маңдайшасында: «Құдіретімізге күмәніңіз болса, біз құрғызған ғимараттарға қараң», деп жазылған.

Ата-бабаларымыздан мирас болған тарихи жәдігерліктерді асырау және келешек ұрпақтарға жеткізу әрбіріміздің борышымыз.

Тәуелсіздік жылдарында елімізде әдемі ғимараттар құрылды. Бұл ғимараттар да келешекте тарихи жәдігерліктер негізінде қадірленеді.



**Қасиетті** – хадистерді топтаған және үйренген ғалым.



Өзбекстан Республикасы Конституциясының 49-бабында: Өзбекстан халқының тарихы, «Азаматтар мәдени мирасын асырауға мәжбүр Мәдениет жәдігерліктері мемлекет қорғауында», дейілген.



1. Еліміздегі қайсы тарихи жәдігерліктер туралы мәліметке иесің?
2. Сен де тарихи жәдігерліктерді зиярат еткенсің бе?
3. Тәуелсіздік жылдарда құрылған көрікті ғимарттар туралы нені білесің?
4. Тарихи жәдігерліктерді асырау не үшін қажет?


## ПРАКТИКАЛЫҚ ЖАТТЫҒУ «МЕН ЖАСАЙТЫН АЙМАҚТАҒЫ ТАРИХИ ЖӘДИГЕРЛІКТЕР»



1. Ауылың немесе қалаң атының келіп шығу тарихы туралы аңыздарды білесің бе?
2. Аймағыңда қандай тарихи жәдігерліктер бар? Оларды зиярат еткенсің бе?



### Сөзжұмбақты шеш



1. Елтаңба, ту, әнұран – ... .
2. ...-жұрт... .
3. Жер шарының моделі.
4. Білім ...мен құдық қазғандай.
5. Мемлекетіміздегі өзен.
6. Бейбітшілік.
7. Ташкент – ... .
8. Ең ғазиз азық.



Өзбекстан – тарихи өлке. Ұлы Жібек жолы үстінде орналасқан еліміз тарихи жәдігерліктерге бай. Еліміздің әрбір ауыл және қаласында тарихи ғимараттар мен көрікті орындар бар.

Шет мемлекеттерде еліміз тарихына қызығу өте күшті. Көне және тарихи жәдігерліктермізді көру үшін бүкіл дүниеден саяхатшылар келеді. Тарихи жәдігерліктер туризмді дамытуға үлес қосуымен аса маңызға ие.

## БИБІХАНЫМ МЕШІТІ МЕН МЕДРЕСЕСІ

Сараймүлікханым Әмір Темірдің сүйікті перзенті. Оның ой-өрісі теңсіз болғаны үшін сарайда Бибіханым – Үлкен ханшайым етіп тағайындаған.

Бибіханым мемлекет жұмыстарында сайыпқыранға жақыннан жәрдем береді. Ол құрылыс және абаттандыру жұмыстарымен де шұғылданған.

1399 жылы Үндістаннан жеңіспен қайтқан Әмір Темір медресе құрғызбақшы болады. Әлемнің ең шебер инженерлері, тәжірибелі ұсталары жұмыс бастайды. Тауларда 500 кісі тастарды жонып, қалаға жіберіп тұрады. Арбаларға тіркелген өгіздер, Үндістаннан келтірілген пілдер іске салынады.

Сайыпқыран бірнеше ай құрылысты өзі бақылайды, бірақ тезде және ұзақ мерзімді сапарға аттанады. Құрылысқа басшылық жасауды Бибіханымға тапсырады.

Бибіханым сайыпқыранның қайтуына сыйлық болсын деп медресе жанына мешіт те құрып бітіруді ойлайды. Ол құрушыларды шақырып, тапсырмалар береді. Жұмыс қызғын кетеді. Мұнаралар көкке бойлап, кең алаңда оқ мәрмәр күмбездер тіктеледі.

Әмір Темір қалаға қайтқанында ұлы медресе мен мешітті көріп қуанады. Өз дәуірінде Бибіханым медресесінде мыңға жақын студенттер білім алған.



## II БӨЛІМ. ӘДЕП-АҚЫЛАҚ ҚАЗЫНАСЫ

### АҒАРТУШЫ ҒҰЛАМАЛАРЫМЫЗДАН МИРАС ҚАСИЕТ



**Әбу Әли  
ибн Сино**



**Әбу Райхан  
Беруни**



**Мырза  
Ұлықбек**

Ағартушылық – адамдарды білім алуға үндейді.

Ежелгі кітап – «Авестода» білім үйренудің маңызы мен әдеп-ақылақ туралы сөз болады.

«Игі пікір, игі сөз, игі амал» бұл кітаптың бас ережесі.

Ата-бабаларымыз білім-ағартуды ұлықтап, оны терең меңгеруге ұмтылған. Ибн Сино, Беруни, Мырза Ұлықбек және басқа ғұламалардың өмірі мен қызметі бізге үлгі болмақ.

Ибн Сино емдеу білімінен тыс, математика, табиғаттану пәндерін де жақсы білген. Ол өлеңдері мен дастандары арқылы адамдарды білім үйренуге және жақсы қасиеттер иесі болуға үндеген.

Беруни бiлiмнiң дерлiк барлық салаларымен шұғылданған. Оның ғылыми жетiстiктерiнен бүкiл әлем қазiрге дейiн пайдаланады.

Мырза Ұлықбек жұлдыздар бiлiмiн үйренген шах және ғалым. Ол 1018 жұлдыздың көктегi орнын анықтады. Мырза Ұлықбек обсерваториясы өз дәуiрi үшiн ұлы табыс едi.

Ағартушылық ата-бабаларымызбен мақтанамыз, олардың жұмыстарын жалғастыруымыз керек. Имам Бұхари айтқандай, «Дүниеде бiлiмнен басқа амал жоқ және болмайды»



**Амал** – көмек, жәрдем, қиын жағдайдан шығу жолы.



**Нақылдар бiлiм мен оның пайдасы туралы**

Бiлiм – нәрселердi ақыл жәрдемiнде үйрену.

**Ибн Сино**

Бiлiм мен береке жолы ашылады,  
Соның үшiн бiлiмдi бол, бақыт жолын iзде.

**Ахмед Югнеки**

Кiтап барлық жаратылыс, жаратушылық және ой-сананың, ғылымның негiзi, өмiрдi жаратушы тәлiмгер.

**Әмiр Темiр**

Бiлмегендi сұрап үйренген ғалым, Арланып сұрамаған өзiне залым.

**Әлiшер Науаи**



## БЕРУНИДІҢ ДЕМАЛЫС КҮНДЕРІ

Беруни жылына екі рет қана – Наурыз мейрамында және бидайға бірінші орақ түскенде дем алар екен.

Наурыз күні ерте таңда орнынан тұрып, жуынып-таранып, жақсы киімдерді киіп, туған-туысқандардың жағдайынан хабар алады екен. Кейін дос-жарандарын зияраттап, сұхбаттасады, әзіл-қалжың етеді. Соң далаға шығып, жерге бірінші дән салуда қатысады, диқандармен қас қарайғанша құс қосады, ағаш отырғызар екен...

Хал-жағдай сұрағандарға:

– Дем алып, өмір ләззатын татып көрудемін,  
– деп жауап берер екен.

Масаққа бірінші орақ түскенде де диқанша киініп, таңнан кешке дейін бидай орады. Өткен-кеткендер: «Шаршамаңыз», – дейді, ол шаттықпен «Бар болыңыз», – дейді екен.

Ғұлама жылдың екі күнін солай өткізеді, қалған күндері тынымсыз кітап оқып, кітап жазу, тәжірибе өткізу, шығармашылықпен айналысар екен. Таңнан кешке дейін жер жырту, орақ оруды еңбек емес, дем алу деп біледі.

Иә, Беруни: «Бір минут уақытты босқа өткізгенім – жоқ болғаным», деп бекерге айтпаған. Уақытты қадірлеуді ұлы бабамыздан үйренуіміз керек.



1. Беруни Наурыз күнін не үшін өзгелер халінен хабар алу және далада еңбек етумен өткізеді, деп ойлайсың?
2. Ғұлама уақыт қадірін қалай сипаттаған?
3. Беруни қайсы қасиеттері үшін ұлы адам дәрежесіне жетті?

## ТАСТЫ КЕСКЕН АРҚАН



Ұлы емші Әбу Әли ибн Сино балалығында математиканы оншалықты жақтырмас еді. Өйткені ол бұл пәнді өте қиын деп түсінген.

Бір күні ибн Сино қырадырларда бара жатып құдыққа кез келеді. Сусынды қандыру мақсатында құдыққа шелек тастайды. Суды тартқанда, құдық шетіндегі мәрмәр тасқа көңіл бөліпті.



Тас шелекке байланған арқанның сырғалуынан жейіліп кеткен екен.

Ибн Сино ойға шомыпты:

– Арқан жұмсақ болса, қалай мықты мәрмәртасты кесуі мүмкін? Демек, қандай қиын болмасын, бірер бір істі орындау үшін күшқайрат, сабырлық пен тынымсыз еңбек ету керек екен! Мен математиканы түсінбеймін, егер әрекет етсем, әлбетте үйреніп аламын.

Сөйтіп, ғұлама математиканы толыққанды меңгеріпті.

Ибн Сино үнемі қиын жұмысқа кез келгенде мәрмәрді кескен арқанды еске алар екен.



1. Сеніңше, ибн Синоның әлемге танымал ғалым болуының сыры неде?
2. Қиын істі бұл менің қолымнан келмейді, деп тастап қою дұрыс па?
3. Адам не үшін білім алу керек, деп ойлайсың?
4. Білім иелемей жетістіктерге жету мүмкін бе?
5. Айналамыздағы адамдардан кімдерге әуестенесің? Оның қайсы қасиеттері саған ұнайды?

## АҒАРТУШЫЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚҚА ЖЕТЕЛЕЙДІ

Біз ғылым-пән, техника дамыған дәуірде жасаймыз. Күнделікті өмірімізде қолданатын, ауырымызды жеңілдететін техника құралдары адамзаттың мың жылдар барысында жиналған білім және тәжірибелерінің нәтижесі.

Білімді адамдары көп болған ел құдіретті болады. Соның үшін мемлекетімізде ғылым-пәнді дамытуға айрықша көңіл бөлуде.



2017 жылы Үндістанда өткізілген мектеп оқушылары арасындағы математика пәні бойынша халықаралық байқауда өкілдеріміз 2 алтын, 2 күміс медальға ие болып, жалпы есепте 2-орынға қол жеткізді.



Білімнің жоғары шыңдарын иелеуді мақсат еткен Өзбекстан жастары халықаралық пән олимпиадаларында жеңімпаз атанды. Сондай-ақ, әлемнің көзге көрінген университеттерінде білім алуда.

Ұлы ойшылдарымыздың ағартушылық жұмыстарын жалғастыруда.

## БІЛІМНІҢ ПАЙДАСЫ

Қарт Арасту ұлын шақырып былай депті:

– Балам, өз өмірімді білім үйренуге арнадым. Білімнің даналық нұрымен өте көп түйіндерді шештім, бірақ өлімге ешқандай шара таба алмадым. Саған айтар өсиетім: байлық мәңгілік емес. Ізет-құрмет, абыройды білімнен табысың. Білім арқылы қол жеткізген обыройың мықты болады. Билер мені біліміммен қадірлейді. Болмаса, мен де олардың жай ғана азаматы едім. Азаматтар билерге бас иеді. Ізет-құрметке лайық болайын, атым мәңгі қалсын десең білім үйрен.



1. Елімізден шыққан ойшылдардан кімдерді білесің?
2. Олар қайтіп сондай жетістіктерге жеткен?
3. Күнделік өмірде қандай техникалық құралдардан пайдаланамыз? Білімсіз адам оларды жаратуы мүмкін бе?

## ӘДЕП-АҚЫЛАҚ ЕРЕЖЕЛЕРІ

### ӘДЕПТІ ӘДЕПСІЗДЕН ҮЙРЕНДІМ

Лұқман әкімнен сұрапты:

- Әдепті кімнен үйрендің?
- Әдепсізден, – деп жауап беріпті ол.
- Әй, неге енді? – деп таң қалыпты.
- Әдепсіздің қайсы ісі көзіме жаман көрінсе, сол істерді мен істемедім.

**«ШЫҒЫС НАҚЫЛДАРЫНАН»**



1. «Әдепті әдепсізден үйрен» деген мақалды қалай түсінесің?
2. Біреудің орынсыз іс-қимылына сен қынжылғансың ба? Одан қандай қорытынды шығардың?

Ата-бабаларымыз адамдарды жақсы мінез-құлықты болуға үндеп отырған. Өйткені адам әдеп-құлқымен сұлу.

Сайыпқыран Әмір Темір былай депті: «Кішіпейілділігім, мейір-шапағаттыммен халықты



өзіме бағындырдым. Әділетпен жұмыс жүргізіп, зұлымдықтан аулақ болуға ұмтылдым».

Баяғыда бір данышпан перзентіне былай деп насихат берген екен:

– Ей, перзент, өмірде жетістікке жету үшін мынадай насихаттарға жүгін:

- Адал бол, еңбекті сүй. Адал еңбек еткен адам кем болмайды.
- Жалқаулықтан аулақ болып, күш-қайратты өзіңе ұран етіп ал. Әрқашан әрекетте бол және алға ұмтыл.
- Сақ бол. Барлық істе тәртіп-ережеге мойынсұн.
- Саған тапсырылған міндеттерді бұлжытпай орында.
- Шынайы, адал жүректі ар-ожданлы және турасөзді бол.
- Сабырлы, баршаға мейірбан да қамқоршыл бол.
- Киінуде, жүріс-тұруда қарапайым бол және табиғи жолды таңда. Тәкаппар болма.

### **КІММЕН ДОС БОЛУ КЕРЕК?**

Данышпандардың айтуынша, үш топтағы адамдармен дос болу мүмкін:

1. Білімді адамдармен. Себебі олар өз өмірін білім алумен, әдепті болумен өткізеді.

2. Адамгершілігі бар адамдармен. Олар достарының айыбын жасырады, ешқашан оны жария етпейді. Жалғыз қалғанда досының айыбын өзіне айтып, түзетуге жәрдем береді.

3. Ержүрек және батыл адамдармен. Олардың достығы шынай болады. Достықтан пайда табуды ойламайды.

**«ШЫҒЫС НАҚЫЛДАРЫНАН»**



Шын дос сол, ол ешқашан досына ренжімейді, ренжіген болса да кешірімін қабылдайды.

**Әмір Темір**

Жаңа дос тапсаң, ескі досыңды ұмытпа, одан бас тартпа. Сен көп дос арттыруға әрекет жаса. Жақсы достар адамның теңдесі жоқ байлығы.

**Кайкавус**

Ақымақ досты дос деп санама. Өйткені ол ақмақтығы арқылы саған зиян тигізеді.

**Әлішер Науаи**



Әдептілік туралы өлең, мақал-мәтел немесе ертегілерден үзінділер жинап, дәптеріңе жаз.



## ӘДЕП-АҚЫЛАҚ ЖӨНІНДЕ ХАДИСТЕР



**Хадистер** ислам дінінде адамдарды тура жолға бастаушы аса қасиетті қайнар көз болып саналады.

Хадистерде жақсы мінез-құлық пен жақсы қасиеттер насихатталады. Жамандық, шағыстыру, күншілдік, зұлымдық пен сатқындық тәрізді індеттер әшкереленеді.



**Қасиет** – адам бойындағы жақсы әдеттер. Қасиетіміз қаншалықты көп болса, соншалықты жақсы болады.

**Індет** – адам мінез-құлқындағы жаман қасиет. Оларды жоймай тұрып жақсы деген ат алу қиын.

Қасиетті кітаптарда балалар әдебі мен тәрбиесіне тиісті көптеген ой-пікір айтылған, сондай-ақ ілім алу парыз екені де атап өтіледі.



Елімізден әлемге әйгілі ойшыл ғұламалар шыққан. Имам Бұхари, Имам Термізи сынды бабаларымыз хадистерді жинаған.



## Хадистерден үзінділер

Адамдар арасында біреуді шағыстырудан және өсек-аяң, жала сөздерді тарқатудан аулақ бол.

\* \* \*

Шынайылықта қауіп-қатер сезсең де тек шын сөйле. Сонда медет табасың. Тіпті пайда тауып тұрған болсаң да өтіріктен аулақ бол. Өйткені бәрібір өтіріктің құйрығы бір-ақ тұтам.

\* \* \*

Адам бойындағы ең жаман індет – күншілдік пен қорқақтық.



1. Жоғарыдағы хадистердің қайсысы көбірек әсер қалдырды? Неліктен?
2. Әдеп-құлыққа тиісті хадистерді жина.
3. Тапсырманы орында. Хадистерде насихатталған төмендегі қасиеттерді және жаман індеттерді екі бағанға бөліп жаз.

**Мейір-шапағат, өтірік айту, шындықты айту, дұшпандық, әділет, күншілдік, жомарттық, адалдық, әділетсіздік, сатқындық, ар-ождан, зұлымдық, мақтаншақтық...**

## Кітап оқу әдебі



### Кітап оқу ережелері:

1. Кітапты дұрыс таңдау.
2. Қандай кітапты оқу жөнінде үлкендерден мәслихат сұрау.
3. Кітап оқу үшін күн тәртібінен уақыт ажырату.
4. Кітапты жарық жерде, көзден белгілі бір арақашықтықта оқу.
5. Кітап парақтарын бүктемеу, ластамау, оған сызбау.
6. Кітапты асырау, кітап сөресінде сақтау.
7. Оқылған кітаптар туралы туғандарың мен достарыңа әңгімелеп бер

Кітап – білім бұлағы. Ежелден халқымыз кітапты нандай қадірлеп келген. Кітапқа деген махаббат, оны оқуға қызығушылық халқымызға тән қасиет. Білім мен әдеп-ақылақ иелеуге кітап бізге жақыннан көмек береді. Ұлы адамдар кітапты дос тұтып, кемелдікке жеткен.

Кітап оқыған адам білімді және жоғары ойлауымен ажыралып тұрады. Сөз байлығы дамиды, тіл мәдениеті жоғарылайды.



**Ойлау** – пікірлеу, ойлау, ой жүгірту.



Әлішер Науаи атындағы Өзбекстан Ұлттық кітапханасының есіктері кітап оқырмандары үшін әрқашан ашық.

Бірақ кейбір жастар кітап оқудың орнына көбірек теледидар көруге немесе компьютер ойындарына қызығады. Мұнымен олар қымбатты уақыттарын жоғалтады.

Кітап оқымайтын балалар келешекте кемел тұлға болып ұлғаймайды. Соның үшін кітаппен дос болуымыз керек.



**Кемел** – жан-жақты жетік, дамыған.



1. Қандай кітаптарды оқығансың?
2. Өзіңе ең жаққан ертегі немесе әңгіме жөнінде айтып бер.
3. «Оқу» оқулығындағы қайсы шығарма жақты? Не үшін?

## ЕҢ КЕРЕКТІ НӘРСЕ

Баяғы заманда бір патша уәзір мен ойшылдарын шақырып:

– Дүниеде ең зор, керекті, барлық нәрседен хабардар ететін нәрсе не?– деп сұрақ беріпті.

Біреу «Қылыш» десе және бірі «Байлық» депті

– Үш күн мерзім беремін, – депті патша жауаптарына қанағаттанбағаннан көңіл-күйі бұзылып.

Көрші мемлекетте бір данышпан жасайды екен. Уәзір оны тауып, патшаның алдына алып келіпті.

– Дүниеде ең керекті нәрсе не? – деп сұрапты патша.

– Кітап! – депті еш екіленбей данышпан.

– Өткенді әңгімелейтін тарих, бүгінді бейнелейтін айна, ертеңгі күнді айтып беруші кітап. Кітап оқымаған адам надан, кітап кірмеген үй қараңғы зындан. Міне мен – туылып өскен ауылымнан шықпағанмын. Бірақ бүкіл дүние, түрлі халықтар, олардың әдет-ғұрыптары туралы білемін. Бұлардың бәрін кітаптан оқығанмын.

Патша данышпанның жауабынан риза болыпты:



– Сарайымда қалып, бас маслихатшы бол, – депті.

Оған данышпан разы болмады. Патша сыйға берген алтындарға базардан кітап сатып алып, ауылына қайтыпты...



1. Данышпан неге сарайда қалуға көнбеді?
2. Кітап адамда қандай қасиеттерді қалыптастырады?
3. Үйлеріңде қандай кітаптар барлығымен қызық. Бұл кітаптар туралы ата-анаңмен сұхбаттас.
4. Үйіңдегі кітапханаңнан жасыңа сай болған кітаптардың тізімін жаса.

## ПРАКТИКАЛЫҚ ЖАТТЫҒУ «МЕН СҮЙГЕН КІТАП»

### КІТАП ТАРИХЫ

Кітап адамзаттың ең ұлы жаңалықтарынан бірі. Ол мың жылдар алдын пайда болған. Алғашқы кітаптар жұмсақ лайға жазылған және құрытылған. Кейіншелік ағаш қабығынан, жануарлар терісінен кітап негізінде пайдаланған.

Кейбір халықтар өз пікірлерін тас, сапал, сүйек және басқа заттарға жазып қалдырған.

Ең алғаш қағаз кітаптар Қытайда пайда болған. Самарқанд қағазынан даярланған кітаптар да танымал болған.

Ақпарат технологиялары дамыған қазіргі кезеңде де кітаптың құны төмендемеді. Себебі кітап беретін білімнің орнын ешнәрсе баса алмайды. Кітап оқы және адамзат мың жылдар бойы жинаған білімдерін иеле.





## БҰЛ КІТАП

Өміріміз айнасы,  
Білімдердің анасы,  
Бұйымдар қазынасы,  
Маған үйреткен әдеп –  
Бұл кітаптар, бұл кітап.

Бейнелген жер, аспан,  
Өткен уақыт, келшек заман.  
Онда өлең, ертең, дастан,  
Әр сауалға бар жауап –  
Бұл кітаптар, бұл кітап.



Мазмундары эр алуан,  
 Ақылыңа қосқан ақыл,  
 Досым менің, өте ақыл,  
 Пән жолында күн-нұры –  
 Бұл кітаптар, бұл кітап.

**Полат Момын**




**Төмендегі кестені дәптеріңе сызып,  
 кітап оқыған және оқымаған балаға  
 тән ерекшеліктерін жаз.**


<b>Кітап оқыған бала</b>	<b>Кітап оқымаған бала</b>
<b>білімді</b>	<b>білімсіз</b>



## Сөзжұмбақты шеш.



1. Өміріміздің кіршіксіз кезеңі.
2. Адамдар арасындағы мейірбандық.
3. Ақыл-ойға толы кезең.
4. Бейбітшілік.
5. Қолы ашық болу.
6. Біреуді көреалмаушылық.



### III БӨЛІМ. ЕҢБЕК АДАМДЫ ШЫНЫҚТЫРАДЫ

#### ЕҢБЕК АДАМ ӨМІРІН ӘШЕКЕЛЕЙДІ



Мақалды оқы. Бұл мақалдар арқылы не демекші?

Еңбек етсең - еленерсің,  
Еңбегіңе кенелерсің.  
Есін жиып, етек жауып,  
Елге жетіп теңелерсің.

Еңбек адам өмірін әшекелейді. Біз қолданып жатқан, киімдер, тұтынып жатқан тағамдардың барлығы кімнің де еңбегінің арқасында жүзеге келеді. Адамның қолы – гүл. Ол қаласа, таста гүл өндіруі, қарапайым лайдан нақышты бұйымдар жасауы мүмкін.

Жалқаулық – жаман әдет. Жалқау адам ешқашан мақсатына жете алмайды.



1. Еңбек адамға не береді?
2. «Зумрад пен Қиммат» ертегісін еске ал. Зумрадтың қайсы қасиеттерінен үлгі алу мүмкін? Не үшін Қимматқа ұқсауды қаламайсың?
3. Сен қайсы үй жұмыстарында ата-анаңа жәрдем бересің?

Төмендегі кестеден еңбексүйгіш адамға тән болған ерекшеліктерді анықта және дәптеріңе жаз.

Құнт	
Ұмтылушаңдық	
Жалқаулық	
Жауапкершілік	
Жылдамдық	
Тәртіптілік	

Сабырлық	
Жалқаулық	
Тәртіптілік	
Қызғаншақтық	
Өтірікші	
Тазалық	



**Мына сөзжұмбақты шешіндер.**

1. Ұлттың аты.
2. Түйенің түрі.
3. Бақша егіні.
4. Көл жануары.
5. Шаш тарау құралы.
6. Үй құсы.
7. Биік жер.
8. Жапырақтың түсі.
9. Жазда дем алады, Қыста іске түседі.





## ЕҢБЕК

**Н. Жанаев**

Гүл өсірсен терлеп,  
Мұның аты – еңбек.  
Кесте тіксең зерлеп,  
Мұның аты – еңбек.

Сабағыңа жөндеп,  
Өзірленсең – еңбек.  
Қиындықтың бәрін  
Еңбек қана жеңбек.



«Еңбек» деген өлеңді жаттап ал.

## ҰЛТТЫҚ ҚОЛӨНЕРШІЛІК ТҮРЛЕРІ

### Өнер туралы мақалдар

Ақыл көкке жеткізер,  
Өнер көпке

\* \* \*

Білімсізге сенім жоқ,  
Өнерсізге қуаныш жоқ.

\* \* \*

Өнер болса қолыңда,  
Нан табылар жолыңда.



Сен тұратын аймақта қайсы өнер түрлері дамыған?



Кімде-кім арман-тілектеріне білімі, ал біреулер кәсіптік өнері арқылы қол жеткізеді. Білім, кәсіптік-өнер барлық заманда да қадірленген.

Білімді, кәсіп-өнерді жетік меңгерген жастар ел байлығы болып саналады. Жігіттері батыр, күшті, қыздары инабатты-ибалы, ал білімде көзге көрінген мемлекет ретінде әлемге танылады.

Жалқаулық пен жалқаулықтан аулақ болған, білімді, өнерлі адам ешқашан қор болмайды, ерқашан ізетте болады.



Жастықта кәсіптік-өнер иелеу үшін адамда уақыт пен мүмкіндіктер жетерлі. Бұдан өнімді пайдалану, уақытты босқа өткізбестік керек.

Өнердің жақсы-жаманы болмайды. Адам оны құнтпен иелесе, шебер деген атаққа ие болады.

Адам байлығын жоғалтуы мүмкін, бірақ өнерін одан ешкім тартып ала алмайды.

### КӘСІПСІЗДІКТИҢ САЛДАРЫ

Баяғы заманда бір сараң бай болыпты. Байлығының соншалықты көптігенен, есебін өзі де білмейді екен. Бірақ бұл байлықтан өзіне де, өзгелерге де пайда жоқ еді. Ол соншалықты қатты еді, байлығын ішіп-жеуге де, білім мен өнерге де жұмсамайды екен.







Байдың Ахмет атты бір ғана ұлы бар еді. Бір күні ол ұлына өнер үйрету мақсатында қолөнершіге алып барады. Ұста тәртіп-ережелерді түсіндіріп, үйреткен өнері үшін әр айда бір алтын төлеу керектігін айтты. Мұны есіткен байдың түрі өзгеріп, ұлын қайтарып алып кетеді.

Ахмет жастықта кәсіп үйренбеді, білім алмады. Атасы қайтыс болғаннан соң, тез де байлықтарын жұмсап, кедей адамға айналды. Ол білім мен өнер иелемегенінен қатты өкінді.

Сараңның дүниесі, ысырапшыл адамның жағдайы, білім-өнерсіздің жағдайы осындай болады.



1. Ахмет не үшін атасынан қалған байлықтың қадіріне жетпеді?
2. Бай ұлына өнер үйреткенде ол қандай адам болып ұлғаяр еді?
3. Сен қайсы кәсіпті үйренуге қызығасың? Бұл жөнінде ата-анаң айтқансың ба?
4. Ата-анаң өзің қызыққан өнер туралы айтып бер және олардың пікірін тыңда.

## КИМ БОЛУДЫ ҚАЛАЙМЫН?



Сен келешекте кім болмақшысың? Бұл кәсіп иелері қандай білімдерді иелелері керек?

Кәсіптік-өнердің жақсы-жаманы болмайды. Олардың барлығы бірдей пайдалы.

Адам өз қызығушылығынан келіп шығып кәсіп таңдаса, сәттілікке қол жеткізуі жеңіл болады.

Ғылым-пән дамуының нәтижесінде жаңа-жаңа кәсіп түрлері пайда болуда. Мәселен, ақпарат технологиялары саласында бағдарламашы, веб-дизайнер, компьютер операторы және тағы басқалар.

Ақпарат технологияларының мүмкіндіктері өте кең. Бұл сала маманы болуы үшін тынымсыз оқу мен үйрену талап етіледі.





Өткен ғасырдың соңында әрбір жанұяда компьютер болғанын көз алдыңа келтіру қиын. Қазіргі күнде ол барлық салада бар.

Ақпарат технологиялары денсаулықты сақтау, қорғау, мәліметтермен істеу, білім, жалпы өмірдің барлық салаларына кіріп барды. Сондықтан саланы жақсы білетін маман иелеріне талап асып баруда.

Адам қайсы мамандыққа қызықса, оған тиісті білімдерді иелеп баруы керек.

## **ДӘРИГЕРЛІК – ЖОҒАРЫ МӘТЕБЕЛІ МАМАНДЫҚ**

Дәрігерде қандай қасиеттер болуы керек?

Дәрігер адамдарды жақсы көруі және мейірбан болуы керек. Өйткені ол науқастарға мейір береді.

Дәрігер батыл болуы керек. Себебі ол қауіпті аурулар өзіне жұғуынан қорқпай, науқасты емдейді.

Дәрігер үнемі сабырлы болуы керек. Оның байсалдылығы және өзіне болған сенімі науқастарды рухтандырады.

Дәрігер қамқор және қырағы болуы керек. Ол аурудың әрбір белгісіне және айтылатын сөздерге назар аудару қажет. Болмаса, ауру үдеп кетеді немесе науқастың көңілі өксіп, емделуі қиындайды.

Дәрігер жанкүйер болуы керек. Ол әрқандай жағдайда адамдарға жәрдем беруі шарт.

Дәрігер сабырлы болуы керек. Кейбір ауруларды емдеу үшін айлар мен жылдар керек болады.

Дәрігер қызығушаң және еңбексүйгіш болуы керек. Ол үнемі өз білімін өсіріп, заманауи емдеу сырларын үйреніп баруы шарт.



Ойлап көрші, сен журналистсің. Ата-анаңмен кәсіп таңдау тақырыбында сұхбаттас. Олардан төмендегі сұрақтарға жауап ал және дәптеріңе жаз:

1. Не себептен осы кәсіпті таңдадың?
2. Бұл кәсіпті иелеу үшін қанша уақыт және еңбек талап етіледі?
3. Кәсібіңнің жақсы не жаман тараптарын айт.

**Төмендегі пікірлерге сәйкес жауаптарды суреттерден тап және дәптеріңе жаз:**

1. Балаларға тәлім-тәрбие береді...
2. Адамдарды емдейді...
3. Көрікті ғимараттар құрады...
4. Таңсық тағамдар пісіреді...
5. Нақышты киімдер тігеді...
6. Адамдардың ұзағын жақын қылады...
7. Отанды қорғайды...
8. Түрлі-түсті жеміс-жидектер жетістіреді...



## МЕНИҢ БОС УАҚЫТЫМ



**Дәптерлеріңе бос уақытыңда не істеуді қалайтыңды жаз.**

Ғұламалардан бірі: «Кім күнін босқа өткізсе, жақсы амал қылмаса, адамдарға жылы сөз айтпаса, білім немесе өнер үйренбесе, өзіне беріпті», деген екен.

Уақытты артқа қайтарып болмайды. Соның үшін оны қадірлеу, одан үнемді пайдалану керек.

Халқымызда «Уақытың кетті – бақытың кетті», деген мақал бар. Уақыттан үнемді пайдаланып, жастықта білім алған, өнер үйренген адам келешекте әлбетте өз бақытын табады.

Жалқаулық пен ісжақпастар болса уақытты босқа жұмсайды, нәтижеде жетістіктерге қол жеткізе алмайды. Данышпаннан сұрапты:

– Өмірінің қай бір уақыттары бекер кеткені есептелінеді?

Данышпан жауап беріпті:

– Жақсылық ету мүмкіндігі бола тұрып, істелмеген, білім үйрену мүмкіндігі бола тұрып, үйренілмеген уақыттары босқа кеткен болады.



Уақытты дұрыс белгілеген адам өмірде көп жетістіктерге қол жеткізеді. Соның үшін бос уақытта нелермен танымал болуымызды анықтап алуымыз керек.

### Бос уақытыңда не істейсің?

	Иә	Жоқ
Үй жұмыстарына жәрдем беремін	<input checked="" type="radio"/>	<input type="radio"/>
Кітап оқимын	<input checked="" type="radio"/>	<input type="radio"/>
Ұйықтаймын	<input checked="" type="radio"/>	<input type="radio"/>
Спортпен шұғылданамын	<input checked="" type="radio"/>	<input type="radio"/>
Компьютер ойындарын ойнаймын	<input checked="" type="radio"/>	<input type="radio"/>
Теледидар көремін	<input checked="" type="radio"/>	<input type="radio"/>
Достарыммен ойнаймын	<input checked="" type="radio"/>	<input type="radio"/>
... тілін үйренемін	<input checked="" type="radio"/>	<input type="radio"/>
Өнер үйренемін	<input checked="" type="radio"/>	<input type="radio"/>



Дәптеріңе кестені көшіріп, бос уақытыңды және нелер істеуіңді белгіле. Берілген кестедегі «Иә» жауаптарың мен «Жоқ» жауаптардың санын салыстыр. Осы сұрақтардан қайсысына «Жоқ» деп жауап беру пайдалырақ?

**Қызығулар сандықшасын өз  
қызығуларыңмен толтыр. Сен нелерге  
қызығасың?**



1. Күн бойы орындаған істеріңді жаз.
2. Ертеңгі күн үшін қандай жоспар жасадың?



## ПРАКТИКАЛЫҚ ЖАТТЫҒУ КҮН ТӘРТІБІ



Дәуреннің таңертеңгі күн тәртібі дұрыс түзілген бе? Бірізділікті сақтаған халде қайта түзіп шық.

Дәурен ұйқыдан тұрды. Таңертеңгілік асын ішті. Туфлисін киді. Керекті кітап-дәптерлерін сөмкесіне жайластырды. Орнын тәртіпке келтірді. Бет-аузын, тістерін жуды. Киімдерін киді. Ата-анасына сәлем берді. Мектепке барды.



«Күн тәртібі» кестесімен таныс. Сен де күнді сол тәртіп негізінде өткізесін бе? Төмендегі кестеге уақытты қойып, дәптеріңе жаз.

Күн тәртібі	Уақыты	Күн тәртібі	Уақыты
Ұйқыдан ояну		Үйірме және спорт жаттығуларына бару	
Дене тәрбие және жуыну		Үй жұмыстарына көмектесу	
Таңертеңгілік шай		Кешкі тамақ	
Мектепке бару		Сабақ даярлау	
Мектептен қайту		Отбасылық сұхбат	
Түстік		Теледидар тамашалау немесе кітап оқу	
Дем алу		Ұйықтау	

## IV БӨЛІМ. СЫРТҚЫ КӨРІНІС – АДАМ КӨРКІ

### СЫРТҚЫ КӨРІНІС МӘДЕНИЕТИ



Қай жерге қандай киімде бару керек?

Адамның қандай екенін оның киінуінен де білу мүмкін. Үсті таза, киіну әдебіне мойынсұнған адамға қатынас жақсы болады.

Киіну әдебіне мойынсұну үшін қымбат киімдер кию шарт емес. Ең керектісі, киімдер дұрыс таңдалған, таза және үтіктелген болу керек.

#### Киіну әдебі

- киімдерді таза, ұқыпты сақтау және кию;
- тамақтанғанда киімдерге дақ түсірмеуге әрекет ет;
- киімді арнаулы шкафтар мен ілгіштерде сақтау;
- киімдерді атүсті, кез келген жерге тастап кетпеу;
- түймелерін қадап, аяқ киімдердің бауын байлап жүру;
- аяқ киімді жұптап, өз орнына қою;
- үнемі жанында беторамал алып жүру.



Суреттегі балалардың киімдеріне көңіл аудар. Олар қандай киінген? Бұл киімдер қай жерге барғанда киіледі?



**Дилнозаның қимыл-әрекетіне баға бер. Сенде сол сияқты жағдайлар болған ба?**

– Дилноза, мектеп формаңды жуып, үтіктеп қойдым, – деді анасы.

– Жоқ, бүгін мектепке жаңа көйлегімді киіп барамын, – деді Дилноза.

– Қызым, ол көйлегіңді қонаққа барғанда киесің.

– Жоқ, мектепке киіп барамын, оны құрбыларыма көрсетпекшімін. Болмаса, мектепке бармаймын...

## Ділшатқа қандай мәслихат бересің

Ділшат мектепке барғанша көшедегі күшік пен мысықтарды қуып, тас атады. Ол атқан тастар кейде адамдарға тиеді. Ділшат кешірім сұрау орнына қашып кетеді. Бір күні Сәлім бабаның айнасын сындырды.

Ділшат сабақта да тыныш отыра алмайды. Партаға, сынып қабырғаларына түрлі сөздерді жазады, сурет салады. Сыныптастарын сөзге салып, назарын өзіне аударады.

Ділшат өз заттарын да аямайды. Бір күні қалпағын, басқа күні спорт киімін жоғалтады. Тура жол тұрып, үнемі жол шетінен, лай және тастақ жерлерден жүреді. Соның үшін ата-анасы оған тез-тез киім сатып алып беруге мәжбүр болады. Ділшатқа сенің мәслихатың керек. Оған қандай мәслихат бересің?



**Киім-кешектерді қандай сақтау керектігі туралы мәтін түз.**

## ҰҚЫПТЫЛЫҚ – АДАМ КӨРКІ



Ұқыптылық адамның тазалығы, киінуі, жүріс-тұрысы, бұйымдарын қандай сақтауында көрінеді. Ұқыпты адамға барлығының әуесі келеді.

### ҰҚЫПТЫЛЫҚ ҚАНДАЙ СӨЗ

Әкмал 3-сыныпта оқиды. «Әдепнама» сабағында оқытушы ұқыпты бала қандай болу керектігі жөнінде айтты. Әкмал мұғалімнің сөздерін есітіп, өзінен ұялып қалды. Өйткені ол өзін ұқыпты және тәртіпті деп айта алмайтын еді. Әкмал сол күннен бастап ұқыпты боламын, деп өзіне сөз берді.

Үйіне барып, туфлин сүртіп орнына қойды. Сөмкесін күндегідей есік алдына емес, өз бөлмесіне алып барып қойды. Киімдерін шкафқа ілді. Столдың үсті шашылып жатқанын көріп, тез де тәртіпке келтірді. Бет-қолын жуып, шаштарын тарады. Анасы жұмыстан келгенге дейін асханадағы ыдыстарды жуып, шаңдарын сүртіп қойды. Бұдан анасы қуанды:

– Ұқыпты және ақылды баламнан айналайын, – деп мақтады.

– Анашим, енді бөлмемді өзім жинастырамын. Сіз күн бойы істеп шаршап келесіз. Бұдан кейін сіңліммен үй жұмыстарын орындауда сізге жәрдем береміз, – деді.

Анасы Әкмалдың сөздерінен риза болды.



Киімдері мен үсті-басы таза, нәрселері өз жайындағы бала барлығына жағады. Әрбір бала өзінің нәрселерін тәртіпті ұстауға әдеттенуі керек.



1. Оқу құралдарын қандай сақтау керек?
2. Сеніңше, бұл ережелерге және қандай қосымша қосу мүмкін?



1. Кітап парақтарын жыртпау, бүктемеу, оларға сызбау қажет. Кітаптағы суреттерді қырку әдептен емес. Жыртылған парақтарды желімдеу, қол және қалам іздерін өшіргішпен өшіру керек.
2. Дәптерді арнаулы қаптамамен орау, артықша нәрселерді жазбау керек.
3. Қаламдар арнаулы қаламсалғышта сақталса, ұшы сынбайды.
4. Сұйық желім мен майлы бояуларды арнаулы қынға немесе сөмкенің жеке қалташасына салған жөн.



**Суреттерге көңіл аудар. Балаларға ат қой және суретте бейнеленген әсем көрініс негізінде ауызша әңгімелеп бер.**



## V БӨЛІМ. БІЗ ЖАСАЙТЫН ӘЛЕМ

### ТАБИҒАТ АЗЫҚТАРЫНАН АҚЫЛДЫЛЫҚПЕН ПАЙДАЛАНУ



**Азық** – адам өмірі үшін қажет болатын заттар. Мәселен, су, ауа, газ тағы басқалар.

**Үнемділік** – азықтарды қадірлеу, мөлшермен жұмсау дегені.

**Ысырапшылдық** – азықтарды қадірлемеу және мөлшерінен тыс жұмсау дегені.

Үнемділік – жақсы қасиет. Үнемшіл адамның отбасында береке, ісінде өнім болады. Кімде-кім өзіндегі бар нәрсені үнемдеп жұмсаса, ол көпке жетеді.

Ал ысырапшылдық ең жаман әдеттің бірі. Сондықтан ата-бабаларымыз үнемдеп жұмсауға шақырған.

Хадистерде де «Кімде-кім өмірде үнемшіл болса, ешқашан кембағал болмайды», деп жазған. Жас кезінен үнемшіл болуға үйренген адам ешнәрсеге мұқтаж болмайды.

Күнделік өмірімізде электр энергиясының маңызы зор. Көшелер мен үйімізді жарық қылатын шырақтарсыз өмірімізді көз алдымызға елестету қиын.

Электр энергиясымен істейтін техника бұйымдарынан әр күні пайдаланамыз.



Мұздатқыш, теледидар, үтік, компьютер және басқа бұйымдар істемесе, қандай жағдайға түсеміз? Үйде шырақ болмаса ше?

Электр энергиясы таусылмайтын қайнар емес. Оны үнемдеп істету арқылы отбасымызға, мемлекетімізге пайда келтіреміз.

Табиғат азықтары келешек ұрпақ үшін де қызмет ететінін ұмытпа.



1. Үйіндегі электр энергиясы мен жұмсалатын бұйымдар тізімін түз.
2. Сен оларды істету ережелерін білесің бе?
3. Электр жиһаздарынан орынсыз пайдалану қандай жағдайларға алып келуі мүмкін?



Әдепті бала мектебіндегі қоғамдық орнындағы заттарды да асырап - абайлау керек. Себебі бұл нәрсе-бұйымдар басқалар да, аға мен сіңлілерімізге де қызмет етуі тиіс.

## ӘЖЕНІҢ НАСИХАТЫ

Әнуар таңертеңгі асын асығып ішті. Ол үлкенірек нан бөлігін алды да, бір-екі рет тістеді, тәтті шайын да ақырына дейін ішкен жоқ. Мұны байқап отырған әжесі:

– Балам, нанды қалдырмай жеп, шайыңды ішіп қоймайсың ба? – деді.

– Қарным тойды, жегім келмей жатыр. – деді Әнуар.

– Бұл ісің жақсы емес, балам. Барлық нәрседен өзіңе тиістісін ал, артықшасы ысырап болады. Есінде болсын, ысырапшылдық – ең жаман әдет. Барлық нәрсенің обалы бар. Нені қорласаң, соған зар боласың. Адамдар бір үзім нан үшін жанын берген кездер де болған. Сенің бұл ісің тойып секірумен бірдей. Бұдан кейін ешқашан бұлай істемегін.

– Жарайды, әже, – деді Әнуар, сөйтіп бұл сөздерді ұмытпауға сөз берді.



Өмірде үнемшіл болу арқылы тек жанұямызға емес, сондай-ақ мемлекетімізге де пайда келтіреді. Босқа ағып тұрған судың шүмегін жауып қою, жағулы қалған шырақты немесе газды өшіру арқылы қаншадан-қанша қаражаты үнемдеу мүмкін.



1. Табиғат азықтарын үнемдеп жұмсау дегенде нені түсінесің?
2. Ысырапшылдықтың ақыры неге әкеп соғады?
3. Сен өзіңді үнемшіл деп ойлайсың ба? Мысалдар келтір.

## СУ – ТІРШІЛІК КӨЗІ



1. Сусыз өмірді елестетуге болады ма?
2. Күн бойы суды не үшін қайсы мақсатпен пайдаланамыз?

Су – тіршілік көзі. Су болмаған жерде өмір де болмайды. Жануарлар да, өсімдіктер де су болған соң өмір сүруде.

Су таусылмайтын қайнар емес. Сондықтан оны қадірлеу керек. Баяғыда ата-бабаларымыз суға түкіруді, қоқыс тастауды күнә деп білген. Суды ластаған адамды жазалаған.

Әлемде ауыз суы тапшы болған мемлекеттер көп. Африка және араб елдерінде адамдар суды алтын бағасына сатып алады. Суды сақтау, үнемдеу әрбіріміздің борышымыз.

### НАН МЕН СУДЫҢ ҚАДІРІ

Баяғыда бір бай мен бір кедей адам алыс сапарға аттаныпты. Межеге жететін жол шөл-шөлейт арқылы өтеді екен. Бай бір қап толған алтын-гауһарларын көтеріп алыпты. Ал кедей қапшық толған нан және бір мес су алыпты. Олар жол жүріпті, жол жүрсе де мол жүріпті. Аштықтан, шөлден байдың сілесі құрыпты.

– Эй досым, байлыққа сеніп, қателескен екенмін. Маған да нан-суыңнан берші, – депті. Серігі оған нан-су беріпті. Сонымен олар көздеген жеріне аман-есен жетіп барыпты. Қорыта айтқанда, нан-су әрқандай байлықтан да қымбат әрі қадірлі екенін білуге болады.




1. Осы аңыз-әңгімеден қандай қортынды жасадың?
2. Адамның өмір сүруі үшін қажет болатын нәрселері айтып бер.

### **Суды үнемдеу үшін мыналарды орында:**

1. Шүмектен тамшылап тұрған суды жауып қой.
2. Арық пен әуіздерге қоқыс-қалдықтарды тастама.
3. Босқа ағып жатқан суды көрсең үлкендерге хабарла.
4. Суды мөлшерімен пайдала



Суды қайсы мақсатпен және оны не үшін пайдалану туралы пікірталас жүргізіндер. Жауаптарыңды дәптеріңе төмендегідей етіп жазыңдар.





## су

Су-тіршілік негізі,  
Онсыз өмір сүрмейсің.  
Гигиена негізі,  
Су деп және білгейсің.

Су - табиғат байлығы,  
Өзен-көлге барғайсың,  
Кемі екі рет әр күні,  
Суға түсіп тұрғайсың.

Су сергітер денеңді,  
Онымен дос болғайсың.  
Судан кейін сен енді,  
Ісінді оңай жалғайсың.



**«Су» өлеңін жаттап ал. Жанұянда суға деген қатынас пен одан қалай пайдалану жөнінде айтып бер.**

## МЕН ТАБИҒАТТЫ ҚАЛАЙ ҚОРҒАЙ АЛАМЫН?



1. Өз қолыңмен көшет отырғызғансың ба? Оны қалай күтіп-баптау керек?
2. Табиғатты кім қорғауы керек деп ойлайсың?

Адамдар, өсімдіктер мен жан-жануарлар табиғаттың бір бөлшегі болып табылады. Әрқандай тірі организмнің тыныс алуы, өмір сүруі үшін су, ауа және азық-түлік керек. Мұның бәрі табиғатта бар. Табиғат біздің ортақ үйіміз. Оны сақтау баршамыздың борышымыз.



Наргиза мен Азизбек табиғатты қорғау үшін мына ережелерді орындайды. Сен сол ережелерге тағы қандай қосымша енгізген болар едің?

1. Ағаш пен гүлдерді егіп, күтіп-баптау.
2. Суды үнемдеу және ластамау.
3. Қоқыстарды кез-келген жерге тастамау.
4. Жануарларды қинамау.
5. Күзгі жапырақтарды өртемеу...



1. Отбасың немесе достарыңмен саяхатқа шыққансың ба?



2. Саяхат үшін алған тағамдар мен ішімдіктердің ыдыстарын қай жерге тастау керек?
3. Саяхат уақытында гүл мен өсімдіктерді үзу, ағаштардың шақтарын сындыру мүмкін бе?

### Төмендегі жағдайларды талдау жаса

**1- жағдай.** Көз алдыңа келтір: мектептен үйге қайтып келе жатырсың. Көшеде бір топ балалар үйіліп жатқан күзгі жапырақтарды өртегенін көріп қалдың? Бұл жағдайда не істейсің?

**2- жағдай.** Достарыңмен ойнап жүрсің. Достарыңның біреуі ағаштағы құстың ұясын көріп қалды. «Мүмкін ұяда балапандар бар шығар. Келіңдер оларды аламыз», – деді. Сен сонда қайтесің?

### ТАБИҒАТ ҚҰШАҒЫНА САЯХАТ

Табиғаттану сабағында 3-сынып оқушылары мұғаліммен бірге табиғат құшағына саяхатқа шықты. Мұғалім жол-жөнекей балаларға ана табиғат, оны қандай қорғау керекті жөнінде айтып берді.

— Ой, мына судың тынықтығын, – деді Фаррух.

— Көктемде сулар тынық ағады. Оның тынықтығы мен тазалығын қорғау керек. Ата-бабаларымыз суға әр түрлі қоқыстарды тастауды ауыр күнә деп білген, – деді мұғалім. – Су бойындағы мына жалбыз, атқұлақпен жақ-жақтарды көрдіңдер ме? Олар ерте көктемде адамға күш-қуат береді. Аналарымыз олардан түрлі тағамдар пісіреді.

Мафтуна ағаштарға таңырқай қарап:

— Ұстаз, мына қандай ағаш? – деді.

— Бұл жиде ағашы. Оның гүлдері қошиісті, жемісі шипалы. Ағаштар ауаны тазалап, денсаулығымызды асырайды. Біз де оларды қорғауымыз керек.

— Құстардың жағымды сайрауын естіп жатырсың ба? – деді Акмал.

— Бұл құстар көктемде ұзақ өлкелерден ұшып келеді, – деді мұғалім. – Құстар ұя құрып, балапан өсіру үшін даярлануда. Кейбір балалар олардың ұясын бұзып, зиян келтіреді. Сендер ешуақытта бұлай істемендер.

Оқушылар табиғат құшағында рахаттанып тынықты. Саяхаттан қайтарда мұғалім былай деді:



— Құрметті оқушылар, табиғат қаншалықты сұлу керемет екенін біліп алдыңдар. Ана табиғатты қорғау баршамыздың борышымыз екенін үнемі есте сақтаңдар.



1. Табиғатқа не үшін «ана» сөзін қосып айтамыз?
2. Не үшін табиғатты қорғау керек?
3. Табиғатты қорғауға Сен қандай үлес қосасың?

## ПРАКТИКАЛЫҚ ЖАТТЫҒУ МЕН ӨМІР СҮРІП ЖАТҚАН ТАБИҒАТ



1. Өмір сүріп жатқан табиғатың жөнінде айтып бер.
2. Сен өмір сүріп жатқан аймақтың басқа жерлерден қандай айырмашылығы бар?

Біздің ғаламшарымыз Жер. Жер өмір сүру үшін өте қолайлы ғаламшар (планета). Ол сулар, таулар мен мұздықтар, шөлдер мен ормандардан тұрады. Жерде адамдар, жануарлар мен өсімдіктер өмір сүреді.

Жердегі өмір тепе-теңдіктерін сақтауда әрқандай тіршілік иелерінің, өсімдіктердің өз міндеті мен рөлі бар. Табиғат қатаң тәртіп бойынша жасайды. Ондағы бірер тіршілік иелерінің жойылып кетуі сол тәртіптің бұзылуына себеп болады. Ал бұл түрлі табиғи апаттарды туғызады.

Барлық тірі организмдердің өмір сүруі үшін бірқалыпта болуы қажет. Ал жер бетіндегі өмірді сақтап қалуға баршамыз жауаптымыз.




Адам өзінің іс-қимылына жауапты болады. Ол әрбір істің ақырын ойлап жасауы керек.



Жұмбақтарға жауап беріп, сөзжұмбақты шеш.

**Бойымен:**

1. Ерте тұрдым,  
Екі айыр жолға түстім.
2. Қайталап атымды  
Ән салып аламын.  
Кез келген ұяға  
Жұмыртқа саламын.



**Көлденеңінен:**

1. Тікен-тікен тік тісті,  
Қысы-жазы бір түсті.
3. Күрең қызыл түсі бар.  
Тағамдардың асылы,  
Қуат берер күші бар.
4. Өзі кірді ашады,  
Суға салсам қашады.
5. Қыс бойына жатады,  
Тәтті ұйқыға батады.
6. Бір үйде тұрады елу батыр,  
Үй сыртына сүйенсе-ақ өліп жатыр.



Өзің өмір сүріп жатқан аймақтағы табиғатты суреттеп бер.

## VI БӨЛІМ. ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТ

### ҰЛТТЫҚ ӘДЕТ – ҒҰРЫПТАР МЕН МЕЙРАМДАР



1. Сенің жанұяда туылған күнді қалай өткізеді?
2. Сен де той немесе мерекелерде қатысқансың ба? Олар қайсы құбылыстарымен ерекшеленеді?
3. Үйге қонақ келгенде үлкендерге қандай жәрдем бересің?

Әрбір халықтың жасау жағдайымен байланысты әдет-ғұрпы, мейрамы мен мерекелері бар. Егеменді ел болғаннан соң ұлттық құндылықтарымыз қайта тіктелді. Наурыз, Құрбан және Рамазан айттары жалпыхалықтық мейрамдар қатарында тойланатын болды.

Жанұяда нәресте туылғаннан кейін қартайғанға дейін бірнеше мерекелер өткізілді. Шақалаққа ат қою, бесік той, сүндет той, мүшел жас, үйлену той барлығы солардың қатарында.

Баяғыда үлен бір міндетті немесе абаттандыру істерді жүзеге асыру үшін асарлар ұымдастырылған. Асар халықты бірлестіретін, мейіршапағатқа үндейтін құндылық.

Меймандостық – халқымызға тән қасиет. Ата-әжелеріміз қонақты дастарқанның төріне отырғызып, тағамдармен сыйлау керектігін ұқтырған.

Ұлттық әдет-ғұрыптар мен мерекелер – байлығымыз. Оларды қадірлеу, келешек ұрпаққа жеткізу бұл борышымыз.

**?! Төмендегі суреттерде қандай әдет-ғұрыптар мен мерекелер бейнеленген?**



**?! Тапсырма**  
 Ұлттық әдет-ғұрып пен мерекелерді бейнелейтін сурет сызуға әрекет ет.



1. Қандай ұлттық және жалпы халықтық мейрамдарды білесің?
2. Мейрам күндері ренжитін, біреулердің көңіл-күйін бұзатын балаларға деген көзқарасың қандай?

Наурыз ежелгі – халық мейрамы. Ғұламаларымыз көктем келуімен табиғаттың оянуын жаңа жыл сипатында тойлаған. Наурыз «нау» – жаңа, «руз» күн деген.

Наурыз ұлттық әдет-ғұрыптар көрінісі, мейіршапағат мерекесі.

9 май – Еске алу және қастерлеу күні. Бұл күнде өткендер жады еске алынады, қарттар мен мейріге мұқтаждар жағдайынан хабар алынады.

1 сентябрьде құтты күн – Тәуелсіздік күнін мерекелейміз.

Ұстаздар мен тәлімгерлер күнін әр жылы 1 октябрьде тойлаймыз. Сол күні барлық өзіне білім берген, өнер үйреткен ұстаздарына алғыста болады. Еліміздің басты заңы – Конституция күнін 8 декабрьде тойлаймыз.

Жаңа жыл әлем халықтары тарапынан үлкен қуанышпен күтілетін мейрам.

8 март Әйел-қыздар мерекесінде біз ғазиз аналарымызбен, әпке-сіңлілерімізге болған құрмет-ілтипаттарымызды білдіреміз.

Рамазан және Құрбан айттары ізгілік пен мейіршапағатқа үндеуші діни мейрамдар есептелінеді.



Жалпы халықтық мейрамдарда қонақ күту, жаңа киімдер кию, демалыс орындарына шығу үрдіске айналған.

Мейрамдарды, той мен мерекелерді әдет-ғұрыптарымызға мойынсұнып, шағын және үнемді түрде өткізуге әрекет етуіміз тиіс.



Осы күндерді екінші бағаннан тауып, қандай күн ретінде тойланатынын өз орындарына дұрыс орналастыр.

<b>1 январь</b>	Тәуелсіздік күні
<b>8 март</b>	Еске алу және қастерлеу күні
<b>21 март</b>	Конституция күні
<b>9 май</b>	Наурыз
<b>1 сентябрь</b>	Жаңа жыл
<b>1 октябрь</b>	Әйел-қыздар күні
<b>8 декабрь</b>	Ұстаздар мен тәлімгерлер күні

### Мейрамға бару және өзін тұту әдебі:

- әдемі киімдер кию;
- көтеріңкі көңілде болу;
- айналамыздағыларды мерекемен құттықтау;
- туғандарына сыйлықтар беру;
- қарттар мен науқастардың жағдайларынан хабар алу;
- адамдардың көңілін қалдырмау, ренжітпеу;

...

Осы қатарды жалғастыр.



Суреттерге көңіл бөл. Оларда Өзбекстанда жасаушы түрлі ұлттардың ұлттық мейрамдары көрініс тапқан. Басқа халықтардың қандай мейрамдарын білесің?  
Олар туралы мәлімет жина.



## МЕЙІР-ШАПАҒАТ ПЕН ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ СЕЗІМІ



1. Қандай адамдарды жақсы адам деп білесің?
2. Сен де біреуге жақсылық істегенсің бе?

Мейір-шапағат пен қайырымдылық еліміз ардақтайтын қасиеттер болып табылады. Өзбек халқы Екінші ұлы отан соғысы кезінде мейір-шапағат пен қайырымдылықтың жоғары үлгісін көрсетті. Отанынан, жақындарынан ажыралған адамдарға үйінен орын берді. Ата-анасынан ажыралған балаларды қарамағына алды, басын сылады.

Қасиетті дінімізде адамдарды мейір-шапағатты болуына үндейді. Хадистерде: «Қашанда бір-бірлеріңе мейір-шапағатты болмағаныңша, момын бола алмайсыңдар», деп мархабат қылған.

Біреудің жағдайынан хабар алып, оған мейір көрсету, көңілін көтеру – сауапты іс. Сондықтан ата-бабаларымыз қарт, мүгедек және мұқтаждарға көмек беруді адамгершілік борыш деп білген.

Жануарлар ежелден адамның жақын досы, көмекшісі болып келген. Олар сөйлей алмаса да мейір-шапағатты, жақсылықты сезеді. Адамның жануарларға қатынасынан оның қандай адам екенін біліп алу мүмкін.

Мейір көрсету үшін бай немесе күшті болуы шарт емес. Адамдарға керекті уақытта жәрдем беру яки жылы сөз айту да мейір-шапағат белгісі.

Қасиетті кітаптарда адамдар бір-біріне мейірбан, қамқоршы болып жасаулары тиіс екені айтылған. Сондай-ақ, сауапты істерді істейтін адамдарға жақсылық есіктері үнемі ашық болулары айтылған.

## ЖАҚСЫЛЫҚ ҰМЫТЫЛМАЙДЫ

Лұқпан әкім әрқашан біреулерге жақсылық жасайды екен. Оның мейір-шапағаты мен қолыашықтығын есіткен адамдар ұзақ қала мен ауылдардан көмек сұрап келер екен. Күндердің бірінде белгісіз адам оның алдына келіп былай депті:

– Ей Лұқпан, мен танымал саудагер едім.



Кейбір себептерге байланысты жұмысым артқа қарай кетті, барлығымнан айрылдым. Қолымнан ешбір іс келмейді, кәсібім мен өнерім жоқ. Сеннен қарыз сұрап келдім.

Лұқпан үйінен бір қалта ақша шығарып, саудагердің қолына береді. Мұны бақылап тұрған ұлы атасына қарап:

– Ата, сонша ақшаны бейтаныс бір адамға беріп жібердіңіз. Ол алдап кетсе, не істейсіз? деді.

– Ей ұлым, – деді Лұқпан, – адамдар ешқашан жақсылығыңды ұмытпайды. Уақытынша олар сеннен безіп кетсе де, бір күні ынсапқа келеді. Адам қолынан келгенше біреулерге жақсылық жасауы және істеген жақсылығын ұмытуы мүмкін. Бірақ басқалардың өзіне істеген жақсылығын ешқашан ұмытпау керек.



1. Ата-анаң немесе ата-әжелеріңнен мейіршапағат, қайырымдылық не екені жөнінде сұра.
2. Жақсылық туралы өлең немесе әңгіме оқып кел, мазмұнын құрбыларыңа айтып бер.

## ЖАНҶҲЯ – ТӘРБИЕ ОШАҒЫ



ЖанҶҲя – қасиетті орда. Адам жанҶҲясы қушағында ұлғаяды.

Өзбек жанҶҲяларында бабалар мен әжелер, ата-аналарға құрмет, кішілерге ізет көрсетіледі.

Әрбір жанҶҲя еліміздің қамқорлығы мен қарамағында. Жастарды тәрбиелеу, кәмететке жеткізу, білім-өнер үйрету – өзбек жанҶҲяларына тән үрдіс.

Ата-әжелеріміздің насихаты, аталардың өнегесі, аналардың мейірі арқылы тәрбие ұрпақтан ұрпаққа өтеді.

Дене тұрғысынан салауатты, ақылды және кемел ұрпақты тәрбиелеуде жанҶҲяның орны үлкен.



Басты заңымыз – Конституцияға да «Жанұя» тарауы енгізілген. Онда жанұя қоғамның негізгі буыны екендігі, мемлекет қорғауында болуы белгілеп қойылған



### **Өзбекстан Республикасы Конституциясының 64-бабы:**

Ата-аналар өз перзенттерін кәмелетке жеткенге дейін бағу және тәрбиелеуге мәжбүр.

\* \* \*

### **Өзбекстан Республикасы Конституциясының 66-бабы:**

Кәмелетке толған, еңбекке лайықты перзенттер өз ата-аналарына қамқорлық жасауға мәжбүр.

## **МЕНИҢ ЖАНҰЯМ**

Біз жанұяда төрт жанбыз: ата-анам, сіңлім және мен. Жанұямызда әрбір адамның өз орны бар.

Барлығымыз бір жанұя болып дастарқан айналасына жиналамыз да бір уақытта тұрамыз. Әрбіріміздің өз міндеттеріміз бар. Мен және сіңлім үй жұмыстарында үлкендерге жәрдем береміз.

Ата-анамыз бизге тату, әдепти, еңбексүйгіш болуды ұқтырған.

Мен дүниедегі ең бақытты адаммын. Өйткені менің өз жанұям бар.

Жанұя – адамдар бір-біріне мейір мен көмек беріп, ынтымақтастықпен жасайтын орта. Оны асырап-қорғау, қадірлеу қажет.



Жанұяң жайлы шағын әңгіме жаз.  
Жанұяда сенің міндеттерің неден  
тұрады?

## ҚАРТТАРДЫ АРДАҚТАЙЫҚ



1. Сенің туысқандарың мен көршілерің арасында қарт адам бар ма?
2. Бабаңның немесе әжеңнің қайсы насихаттарын үнемі жадында сақтайсың? Үлкендердің сөздеріне құлақ аспағаның үшін өкініште болғаныңды естейсің бе?

Қарысы бар үй періштелі болады. Ата-әжелеріміздің ақ батасы, үгіт-насихаттары бізге бақыт келтіреді. Олар өмір тәжірибелерін үйретеді, ертектер айтып береді.

Елімізде қария адамдарға құрмет көрсетіледі. Оларға қамқорлық жасап, хал-жағдайынан хабар алынады



Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету басты құндылықтырымыз. Қарияларға сәлем беру, олардың сөздеріне құлақ асу, насихаттарына мойынсұну қажет.

## ҚАРИЯЛАРДЫҢ АҚ БАТАСЫ

Нодир бос уақытын ата-әжесімен өткізуді жақтырады. Өйткені олармен уақыттың қалай өткенін сезбей қалады. Олар бауда ағашпен гүлдерді бірге өсіріп баптайды.

Атасы өсімдік пен құстар, жануарлар туралы қызықты оқиғаларды айтып береді. Атасының мақалдары, өлең мен ертегілерін рахаттанып есітеді.



Күндердің күнінде Нодир досы Зәкірмен мектептен қайтып жатқан еді. Жолда үлкен сөмкені әрең көтеріп бара жатқан бір кемпірді көріп қалды.

– Зәкір, кел кемпірге жәрдем берейік, – деді Нодир.

– Жоқ, мен тезде үйге барып, сабақ дайындамақшымын, – деді Зәкір.

– Мейлі, сен кете бер. Мен жәрдем беремін, – деді Нодир.

Атасы мен әжесі Нодир неге кеш қалғанын сұрастырды. Немересінің жауабын есітіп:

– Бәрекелді, балам. Қариялардың ақ батасын алсаң, ешқашан қор болмайсың. Әдетте «Алтын алма, дуа ал» дейді ғой, – деді атасы оның иығын қағып.



1. Зәкірдің іс-әрекетін қалай бағалайсың?
2. Сеніңше, бейтаныс қарияларға көмек беру шарт па? Жауабыңды дәлелдеп бер.



## МАХАЛЛА МЕН КӨРШІЛЕРДІҢ ӨЗАРА ҚАТЫНАСТАРЫ



1. Махаллаңның атын білесің бе? Не үшін оның солай аталатынын ше?
2. Махаллаңнан танымал адамдар шыққан ба? Олар жөнінде айтып бер.

Махалла өзбек халқының ең ежелгі, қайталанбас ұлттық құндылықтарынан бірі. Адам махаллада кәметке толады, ұлғаяды, достар арттырады.

Ежелден махалла адамдары бір жанұя мүшелеріндей тату-тәтті жасаған. Кімге жәрдем керек болса, махалла ұжымы шектен тыс қалдырмаған. Үй-жайлар көпшіліктің көмегімен асар жолымен құрылған.

«Бір балаға жеті көрші ата-ана», деген мақал босқа айтылмайды. Махалла ақсақалдары жастардың тәрбиесіне аса көңіл аударып, өз перзентіндей насихат береді.

Махалла ақсақалдарының белсенділері әрбір жанұяның тату-тәтті жасауына өз үлесін қосады.

Көршілердің жағдайынан хабар алу, оларға жәрдем беру сияқты жақсы әдеттер мен дағдылар махаллада дамиды.



Көршілер әдебі, көшелердің тазалығы мен ұқыптылығы, той-мерекелерді өткізудегі бірліктеріне әуестенесің. Республикамызда он мыңнан астам махалла бар. Олар барған сайын көріктеніп, абат болуда.

## АБАТ МАХАЛЛА

Атабек атасымен жалпыхалықтық асарға шықты.

Асар негізінде махалла және де көркейе түсті.

Көшелер абаттандырылды, ағаштар сырланды.

Ориф ағаның үйінде құрылыс қызғын баруда. Махалла мүшелері бір жағадан бас шығарып істеуде.

Салима әпкенің үйінде болса тасқазанда сүмелек қайнауда.

Атабек атасымен махалладағы аталар шайханасы, шаштараз, дүкендер жанынан өтіп жатқанда жаңа спорт алаңына көзі түсті.

«Енді бұл жерде достарыммен футбол ойнаймыз», – деп қуанды.

– Ата, махалламыз өте көрікті болып кетіпті, – деді Атабек.

– Әлбетте, балам. Махалламыз көркі адамдардың мейір-шапағатында. Бұл алаңды махалламыз кәсіпкерлері құрып берді. Сен де осындай күш-қайратты, жігерлі, ақылды адам болып, елдің, махалланың дамуына өз үлесіңді қосуың тиіс, – деді атасы.



1. Ауылың немесе қалаларыңда қандай махалла бар?
2. Махалланда спортпен шұғылдану, дем алу үшін мүмкіндіктер жаратылған ба?

## ҚОРЫТЫНДЫ САБАҚ



### Демалыс үшін тапсырмалар

1. Өнегелі әңгіме, өлең, ертегі мен аңыздарды оқы.
2. Ақылақ-әдепке тән мақалдарды жатта.
3. Ата-анаңмен өзің жасайтын аймақтағы тарихи жерлерге зияратқа бар.
4. Жаз айында достарыңмен жақсылап дем ал, ұлттық және әрекетті ойындарды ойна, денеңді шынықтар.
5. Үлкендерге үй жұмыстары мен бау-бақша жұмыстарында жәрдем бер.

### Құрметті оқушы!

Жыл бойында әдеп-ақылаққа, ұлттық әдет-ғұрыптарымызға тән білімдерге ие болдыңдар. Бұл білімдерді иелеудің өзі жетерлі емес. Оларға мойынсұну қажет.

Демалыс – дем алып, жаңа білімдерді иелеу үшін күш топтайтын кезең. Демалыста бос уақыт көп болады. Сабақтар барысында алған білімдеріңнен пайдаланып, оны мазмұнды өткіз.

## МАЗМҰНЫ

### I БӨЛІМ. ОТАН— ҚАСИЕТТІ

Өзбекстан Республикасы – тәуелсіз мемлекет ..5	
Мемлекет рәміздері – ұлттық мақтанышымыз.13	
Тарихи жәдігерліктер – мәдени байлығымыз...16	
Практикалық жаттығу	
«Мен жасайтын аймақтағы тарихи жәдігерліктер» ..20	

### II БӨЛІМ. ӘДЕП-АҚЫЛАҚ ҚАЗЫНАСЫ

Ағартушы ғұламаларымыздан мирас қасиет .....23	
Әдеп-ақылақ ережелері .....30	
Әдеп-ақылақ жөнінде хадистер .....33	
Кітап оқу әдебі .....35	
Практикалық жаттығу	
«Мен сүйген кітап» .....39	

### III БӨЛІМ. ЕҢБЕК АДАМДЫ ШЫНЫҚТЫРАДЫ

Еңбек адам өмірін әшекелейді .....43	
Ұлттық қолөнершілік түрлері .....46	
Кім болуды қалаймын? .....50	
Менің бос уақытым .....54	



Практикалық жаттығу

Күн тәртібі .....57

#### **IV БӨЛІМ. СЫРТҚЫ КӨРІНІС – АДАМ КӨРКІ**

Киіну әдебі .....58

Ұқыптылық – адам көркі.....61

#### **V БӨЛІМ. БІЗ ЖАСАЙТЫН ӘЛЕМ**

Табиғат азықтарынан ақылдылықпен  
пайдалану.....64

Су – тіршілік көзі .....67

Мен табиғатты қалай қорғай аламын? .....70

Практикалық жаттығу

Мен өмір сүріп жатқан табиғат.....74

#### **VI БӨЛІМ. ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТ**

Ұлттық әдет-ғұрыптар мен мейрамдар.....76

Мейір-шапағат пен қайырымдылық сезімі .....81

Жанұя - тәрбие ошағы.....84

Қарттарды ардақтайық.....87

Махалла мен көршілердің өзара қатынастары..89

Қорытынды сабақ.....92

**Mohira Xoliqova,  
Shahnoza Ergasheva**

# **ODOBNOMA**

**(Qozoq tilida)**

**Ta'lim qozoq tilida olib boriladigan maktablarning  
3- sinfi uchun darslik**

**Tuzatilgan va to'ldirilgan to'rtinchi nashri**

Toshkent – «Yangiyul Poligraph Service» – 2019

Nashriyot litsenziyasi AI № 185 10.05.2011 y.

Редактор: Б. Азимов  
Техникалық редакторы: Д. Титаренко  
Аудармашы: У. Байқабылов  
Редакторы: Ө. Өлімханұлы

Басуға 02.07.2019 жыл -- рұқсат етілді. Пішімі 70x90 <sup>1</sup>/<sub>16</sub>.

Ариал гарнитурасы. Офсеттік қағаз. Баспа табағы. 6,0.

Шартты баспа табағы. 7,02.

Таралымы 5532 дана.

Тапсырыс №43-19

Келісім №19

«Yangiyul Poligraph Service» ЖШҚ баспаханасында басылды.  
112001, Ташкент облысы, Янгийул ауданы, Самарқант көшесі, 44.

**Пайдалануға берілген оқулықтың жағдайын  
көрсететін кесте.**

№	Оқушының аты, фамилиясы	Оқу жылы	Оқулықтың, пайдалануға берілгендегі жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы	Оқулықты тапсырғандағы жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы
1						
2						
3						
4						
5						
6						

**Пайдалануға берілген оқулықты оқу жылы аяқталғанда қайтарып тапсырады. Жоғарыдағы кестені сынып жетекшісі төмендегі бағалау өлшемі негізінде толтырады:**

Жаңа	Оқулықты алғаш рет пайдалануға берілгендегі жағдай.
Жақсы	Мұқаба беті, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыралмаған. Барлық парақтары бар, жыртылмаған, көшпеген, беттеріне жазбаған және сызбаған.
Орташа	Мұқаба езілген, аздап қана сызылған, шеттері жейілген, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыраған жерлері бар. Пайдаланушы жағынан қанағаттанарлық жөнделген. Жұлынған, кейбір беттері сызылған.
Қанағаттанарсыз	Мұқаба былғанған, сызылған, жыртылған, негізгі бөлігінен ажыраған немесе мүлдем жоқ, нашар жөнделген. Беттері жыртылған, парақтары жетіспейді, сызып, бояп тасталған. Оқулық қалпына келтіруге жарамайды.